



Түркістан облысы «Білім беруді дамыту орталығы» КММ
Облыстық сараптамалық кеңестің
№3 ХАТТАМАСЫНАН
КӨШІРМЕ

«16» 05. 2023 жыл

Төрайым – Айкозова Д.Р.

Хатшы – Бопнева Г.Т.

Қатысқандар: 11 адам

Күн тәртібі:

1. Аудандық/қалалық білім бөлімдерінен ұсынылған әдістемелік құрал, нұсқаулықтар, жинақтар, кешендер мен авторлық бағдарламалардың талапқа сәйкестік дәрежесі туралы сараптамалық қорытынды шығару.

«Халықаралық зерттеулер форматындағы PISA: математикалық сауаттылық»
әдістемелік құрал

Құрастырушылар: Түркістан облысы, «Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің математика пән мұғалімдері
О.Р. Алиманов, А.Н. Уразбаева

Тыңдалды:

Сараптамалық кеңестің мүшесі: Тойшиева Ж.

Құрал оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруда маңызды рөл атқаратыны атап өтілді.

Шынайы өмірмен байланысты тапсырмалар оқушылардың математикалық сауаттылығын ғана емес, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін де дамытады.

Сөз сөйледі:

Сараптамалық кеңестің мүшесі: Акбергенов А.А.

Әдістемелік құралда PISA тапсырмаларына ұқсас есептер мен оларды шешу жолдары ұсынылған. Есептер оқушылардың логикалық ойлауын, математикалық тілде тұжырымдауын, модельдеу және графикпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Оқу тапсырмалары оқушыны ойлануға итермелейді, зерттеу жүргізуге, түрлі шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құралда математика сабағында қолдануға болатын практикалық әдіс-тәсілдер мен бағалау өлшемдері де берілген. Құралдағы әдістемелер мектеп мұғалімдері үшін колжетімді, нақты ұсыныстармен берілген және жана білім беру реформаларына сай келеді.

Қаулы етілді:

«Халықаралық зерттеулер форматындағы PISA: математикалық сауаттылық»
әдістемелік құрал (құрастырушылар: О.Р. Алиманов, А.Н. Уразбаева) облыс көлемінде таратылсын.

Төраға

Хатшы

Д.Айкозова

Г.Бопнева



ӘОЖ 373
КБК 74.268
Р 11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАҒАЗДЫҚ СТАНДАРТТЫҚ ҚҰРАСТЫРУ ИСЭНІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАҒАЗДЫҚ СТАНДАРТТЫҚ ҚҰРАСТЫРУ ИСЭНІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАҒАЗДЫҚ СТАНДАРТТЫҚ ҚҰРАСТЫРУ ИСЭНІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАҒАЗДЫҚ СТАНДАРТТЫҚ ҚҰРАСТЫРУ ИСЭНІ

Құрастырушы авторлар: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай ауданының мамандандырылған "Дарын" мектеп-интернаты, математика пәнінің мұғалімдері

Алиманов Олжас Ретбаевич
Уразбаева Айгул Назаркуловна

Пікір жазған:

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты,
Бельгия Жоғары Мектебінің Гонорар профессоры, Халықаралық
Ақпараттандыру Академиясының академигі - А.Ш.Оракова

Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының оқу-әдістемелік кеңес
мәжілісінде талқыланып, 2022 ж. «15» қыркүйек № 19 хаттамасымен
мақұлданған және баспаға ұсынылған

«Халықаралық зерттеулер форматындағы PISA: математикалық сауаттылық»
әдістемелік құрал/құрастырған авт: О.Р.Алиманов., А.Н.Уразбаева – Алматы,
«EDU print» жедел басу баспаханасы, 2022

Авторлық бағдарлама жалпы білім мекемелері мұғалімдеріне арналған

ISBN 978-601-02-0776-9

құраст. Авт: О.Р.Алиманов
А.Н.Уразбаева

© «EDU print» жедел басу баспаханасы, 2022 ж



ПІКІР

Заманауи Қазақстанның білім беру жүйесі күн санап қарыштап дамып, көптеген оң өзгерістер орын алуда. Соның бір көрінісі орта білім беру жүйесінің жағартылған білім мазмұнына көшуі. Жаңартылған білім беру мазмұны заманауи мұғалімнен көптеген жаңалықтар мен өзгерістерді күтуде.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның дамуының өзегі – білім беру жүйесі. Білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бұл өз кезегінде азаматтардың кез келген салада бәсекеге қабілетті болуын талап етеді. Осыған орай Елбасы: «Болашақта өркендетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін алға қойған болатын.

Функционалдық сауаттылықты дамыту білу – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Мұндай жүйе әлемдік тәжірибені жан-жақты зерттеу арқылы енгізіледі. Олар ұлттық және халықаралық бағалау жүйелері арқылы жүргізіледі.

Функционалдық сауаттылықты дамыту дәстүрлі мектеп моделінен рационалды модельге, әрі қарай феноменальді модельге «үш адым» ілгері аттау дегенді білдіреді.

Әдістемелік құралдың міндеттері: PISA халықаралық зерттеуі туралы мәліметтер келтіріп, оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуға арналған PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің тапсырмаларын жинақтау.


Әдістемелік құралды 15 жастағы оқушыларға математика сабақтарында көмекші құрал ретінде мұғалімдерге, жас мамандарға пайдалануға ұсынылады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің мақсатының бірі – әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам қажеттіліктеріне сай көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру. Сонымен қатар заман талабына келсек, ұстаз алдында тұрған жүк ауыр десек те болады. Оның қызметін тұтастай адамтану ғылымы деп алсақ, бұл ғылым адамның күрделі де қызықты, шым – шытырығы мол рухани жан дүниесіне үніле білу шеберлігімен көрінеді. Әрбір мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында және технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін тандау қажет. Жаңа технология оқушыға тек білім негіздерін беріп қана қоймайды, сонымен қатар оны тұлға ретінде дамытуға бағытталған.

Ұстаздың жан – жақтылығы, үнемі ізденіс пен шығармашылық жолындағы талабының болуы шәкірт жүрегіне бірден – бір жол салады. Ондай ұстаздан шығармашыл, құзіретті және жаңа үлгідегі мұғалім күтіледі. Ал жаңаша мұғалім тәжірибенің өзгеруіне, яғни білімнің өзгерісіне талпыныстағы ұстаз. Осы үлгідегі өзгеріске бағытталған ұстаз келбеті менен де табылу керек екенін түсіндім. Оқушылардың сыни ойлауы мен шығармашылық, танымдық қабілеттерінің дамуы ең алдымен сабақ үрдісіндегі қосымша мәліметтердің қызықты да танымды болуына байланысты.


Бұл бағдарлама қазіргі заман талаптарына сай, бәсекеге қабілетті, білім деңгейі жоғары, білікті мектеп түлектерін дайындап шығаруда алатын орны ерекше.

Абай ат. ҚазҰПУ-нің Біліктілікті арттыру
және қашықтықтан білім беру орталығының
доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты,
Бельгия Жоғары Мектебінің Гонорар
профессоры, Халықаралық Ақпараттандыру
Академиясының академигі




И.Орақова

Администратор Олжас Ретбаев
Устаздар Айтұлы Назаркулова



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИКТТІК ФОРМАТТЫҚ
ПІАЛ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ
ОҚИТУ ТІЗІМІ



Астана, 2022



ӘОЖ 373
КБК 74.268
Р11

Құрастырушы авторлар: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай ауданының мамандандырылған "Дарын" мектеп-интернаты, жаратылыстану ғылымдарының магистрлері, математика пәнінің мұғалімдері
Алиманов Олжас Ретбаевич
Уразбаева Айгүл Назаркуловна

Пікір жазған:

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты,
Бельгия Жоғары Мектебінің Гонорар профессоры, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі - А.Ш.Оракова

Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде талқыланып, 2022 ж. «15» қыркүйек №19 хаттамасымен мақұлданған және баспаға ұсынылған

Р11 «Халықаралық зерттеулер форматындағы PISA: математикалық сауаттылық» әдістемелік құрал/құрастырған авт: О.Р.Алиманов., А.Н.Уразбаева – Алматы. «EDU print» жедел басу баспаханасы, 2022 ж

ISBN 978-601-02-0776-9



ISBN 978-601-02-0776-9

құраст. Авт: О.Р.Алиманов
А.Н.Уразбаева
«EDU print» жедел басу баспаханасы, 2022 ж

Кіріспе

Қазақстанның бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның дамуының өзегі – білім беру жүйесі. Білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бұл өз кезегінде азаматтардың кез келген салада бәсекеге қабілетті болуын талап етеді. Осыған орай Елбасы: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін алға қойған болатын [1].

Функционалдық сауаттылықты дамыту білу – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Мұндай жүйе әлемдік тәжірибені жан-жақты зерттеу арқылы енгізіледі. Олар ұлттық және халықаралық бағалау жүйелері арқылы жүргізіледі. Ұлттық жүйе арқылы бағалау – жыл сайын өтетін оқу жетістіктерін ішкі бағалау мен Ұлттық бірыңғай тестілеу. Халықаралық бағалау жүйелері – PISA (*Programme for International Student Assessment*), TIMSS (*Trends in Mathematics and Science Study*) және PIRLS сияқты халықаралық зерттеулер [3].

Функционалдық сауаттылықты дамыту дәстүрлі мектеп моделінен рационалды модельге, әрі қарай феноменальді модельге «үш адым» ілгері аттау дегенді білдіреді. Осы мақсатқа қол жеткізу арқылы Қазақстан оқыту деңгейі мен сапасы жағынан жетекші елдер тобына қосылады деп күтіледі. Бұл жолда атқарылатын жұмыстар төмендегідей:

- функционалдық сауаттылықтың мәні мен маңызын саралай түсу;
- оқыту үдерісінде оқушылардың басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);
- ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау);
- коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау);
- әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүріп жатқан ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);
- тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ кәсібін өзі таңдауы, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу);
- азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрін, тарихы мен мәдениетін, дін мен тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі);